

Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі N 369 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 979 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 979 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 20 сәуірдегі

N 369 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Тұрысбеков - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Зауытбек Қауысбекұлы министрі, төраға

Мұсайбеков - Қазақстан Республикасының Көлік және
Сәкен Жүнісбекұлы коммуникация вице-министрі, төрағаның
орынбасары

Түсімов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Өмірзақ Төлеуұлы министрлігі Жол полициясы
департаментінің бастығы, хатшы

Белоног - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Анатолий Александрович сақтау вице-министрі, Қазақстан

Республикасының Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері

Досжан - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Ардақ Дүкенбайұлы ақпарат және спорт вице-министрі
Әбдімомунов - Қазақстан Республикасының Білім және
Азамат Құрманбекұлы ғылым вице-министрі
Жұмағалиев - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру
Асқар Қуанышұлы және байланыс агенттігі төрағасының
орынбасары

Камалиев - Қазақстан Республикасы
Берік Сайлауұлы Премьер-Министрінің кеңесшісі
Мұстафин - Қазақстан Республикасы Көлік және
Қуандық Сапарұлы коммуникация министрлігі Көліктік
бақылау комитетінің төрағасы
Елеуішов - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
Бек-Болат Сәдуақасұлы қорғау министрлігінің Табиғат қорғауды
бақылау комитеті төрағасының бірінші
орынбасары

Бисенов - Қазақстан Республикасы Көлік және
Жалғасбай Әбуұлы коммуникация министрлігінің Көлік
инфрақұрылымын дамыту комитеті
төрағасының бірінші орынбасары

Маханов - Қазақстан Республикасы Көлік және
Шихабадин Қабдрахманұлы коммуникация министрлігі Автомобиль
көлігі басқармасының бастығы

Каганович - "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу
Евгения Владимировна институты" акционерлік қоғамы
директорының орынбасары

(келісім бойынша)

Асматулаев - "Қазақ жол-көлік проблемалары
Борис Айсаевич ғылыми-зерттеу және жобалау институты"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің бас директоры

(келісім бойынша)

Бекмағамбетов - "Көлік және коммуникация
Мұрат Махметұлы ғылыми-зерттеу институты"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры

(келісім бойынша)

Талғатбекова

Қарлығаш Ахметқызы

(келісім бойынша)

- "Инжиниринг СК" жауапкершілігі

шектеулі серіктестігінің директоры

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 0 с ә у і р д е г і

№ 3 6 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін
қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссия
туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасындағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне байланысты мәселелер бойынша негізгі бағыттарды пысықтау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары өкілдерінен қалыптасатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің қызметі мен өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелерін қарау;

2) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнаманы және басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру бойынша ұ с ы н ы с т а р д а й ы н д а у ;

3) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияға жүктелген міндеттерге сәйкес оның функциялары:

1) жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді шешуде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және қоғамдық бірлестіктерге ақпараттық және ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету;

2) Қазақстан Республикасында автомобиль көлігіндегі авариялықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйін қарау және авариялықтың себептерін з е р д е л е у ;

3) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде мемлекеттік органдардың басшыларын тыңдау;

4) бағдарламаның жобасын іске асыру үшін қаржылық және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілігін негіздей отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуді ұйымдастыру, бағдарламаның орындалу барысы мен нәтижелері туралы есеп беру;

5) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеуде, жол-көлік уақиғаларының алдын алу жөніндегі іс-шараларды белгілеуде және іске асыруда жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік көмек көрсету;

6) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің автомобиль көлігіндегі авариялықтың алдын алу жөніндегі ұсыныстарын қарау;

7) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін және өзара іс-қимылын үйлестіру мә с е л е л е р і н қ а р а у ;

8) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кеңестердің, конференциялардың, көрмелердің жұмыстарын ұйымдастыру және оларға қатысу, қабылданған ұсынымдарды іске асыруға жәрдем көрсету;

9) елімізде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін жағдайлар жасауға бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және ғылыми-техникалық сипаттағы шараларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен өз а р а і с - қ и м ы л ж а с а у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;

3) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін (келісім бойынша) Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға ;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және басқа да ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға ;

5) уақытша немесе тұрақты жұмыс істейтін сараптау және жұмыс топтарын ұйымдастыруға құқылы.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға басқарады, ол оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және жүзеге асырылатын қызмет үшін жауапты болады. Ол болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.

7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

8. Комиссия хатшысы оның жұмысы туралы Комиссия мүшелеріне хабарлайды, Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті материалдарды дайындайды және отырыс өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

9. Комиссия отырыстары қажетіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет, оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде өткізіледі.

10. Комиссияның жоспардан тыс отырыстарын Комиссия төрағасы, ал ол болмаған уақытта - төрағаның орынбасары Комиссияның қарауына енгізілген материалдар негізінде шақырады.

11. Комиссия шешімдері ашық дауыспен қабылданады және егер отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі оларға дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссия шешімдеріне отырысқа қатысушы Комиссия мүшелері қол қояды және ол ұсынымдық сипатта болады .

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірде болуға құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және хаттамаға қоса берілуі тиіс.

12. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Комиссия төрағасы белгілейді және нақтылайды. Комиссия Қазақстан

Республикасының Үкіметіне жылына кемінде бір рет өз қызметі туралы есептік ақпарат ұсынады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

13. Комиссияның қызметін тоқтату үшін:

- 1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;
- 2) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органның немесе өзге комиссияның құрылуы;
- 3) Комиссияның міндеттерін орындалмайтындай не олардың орындалуын орынсыз ететін өзге де жағдаяттар негіз болып табылады.